

ДІН ЖӘНЕ ҚОҒАМ: ТЕОРИЯЛЫҚ-ГНОСЕОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТ

Онучко М.Ю¹
Досмахамбетұлы Ғ²

Түйіндеме

«Дін және қоғам: теориялық-гносеологиялық аспект» тақырыбындағы мақала дінді теоретикалық-гносеологиялық тұрғыдан зерделеуге арналған. Аталған жұмыста дінді зерттеудегі негізгі теориялық-методологиялық әдістер мен тарихи даму контекстіндегі дін мен қоғамның өзара іс-қимылы мәселесі қарастырылды. Сондай-ақ діннің типтері, функциялары, қоғамдағы орны мен рөлі зерделенді. Талдау нәтижесінде дін анықтамасының басты методологиялық мәселелері анықталып, негізделді.

Кілттік сөздер: дін, қоғам, аспект

RELIGION AND SOCIETY: THEORETICAL AND EPISTEMOLOGICAL ASPECT

Abstract

Article “Religion and society: theoretical and epistemological aspect” is devoted to theoretical and epistemological thinking of religion. In this paper basic theoretical and practical approaches to the research of religion and interface problems between religion and society in the context of historical development are considered. Types, functions, place and role of religion in the society are also considered. The analysis identified and justified basic methodological issues in definition of religion.

Keywords: religion, society, aspect

Дін және қоғам: теориялық-гносеологиялық аспект

Қоғамның жаңғыру кезеңінде дін мен қоғамның өзара байланысы ерекше өзектілік пен маңыздылыққа ие болады. Осы жұмыста діннің кейбір анықтамалары, оның әртүрлі типтері мен функциялары, сондай-ақ діннің қазіргі өзгермелі әлемдегі рөлі мен мәні қарастырылады.

Әртүрлі өркениеттердегі діндердің тарихын зерделей келе, ғалымдар діни түсініктер мен салттардың негіздерін олар тіршілік ететін қоғамдардан іздеу керек деген тұжырымға келген.

Діннің қоғаммен байланысын Фюстель де Куланж, Робертсон Смит сияқты тарихшылар зерделеуге бастама жасады. Тарихи зерттеулерге элеуметтік антропология, этнология салаларындағы еңбектер жақын болды. Бұлардағы дінге деген қызығушылық оның пайда болу мәселелеріне басым назар аударды. Оған жауап табу дінді тануға жол ашады деп есептелді. Бұл тұрғыдан Ч. Дарвиннің эволюциялық теориясы, оның «Түрлердің пайда болуы» (1859) еңбегі ерекше ықпал етті.

Қоғам өмірінің түрлі қырларын, соның ішінде дінді зерделеудегі эволюциялық әдісті О. Конттың дінді адамзаттың тарихи дамуының алғашқы

¹ Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Журналистика және саясаттану факультеті саясаттану кафедрасының доценті, с.ғ.к.

² Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Журналистика және саясаттану факультеті саясаттану кафедрасының докторанты, gaziz2030d@mail.ru

кезеңі ретінде қарастырған және оның орнын ғылымның үстемдігі басатындығы туралы идеясы бекітті. Аталған саладағы маңызды рөл Э.Б.Тайлордың еңбектеріне тиесілі. Ол жанның бар екендігіне сенім, «рухани жаратылыстарға деген сенім» кейіннен дамып, күрделі діни түсініктер мен әрекеттерге айналған діннің бастапқы қарапайым формасы екендігін тұжырымдайтын анимизм теориясын негіздеді.

Діни сана эволюциясының тарихын барлық тарихи кезеңдерге қатысты материалдарды жинақтап, салыстыру жасаған Дж. Фрэзер де зерделеді. Ол «Алтын тармақ» атты еңбегінде магия діннің бастапқы тарихи формасы екендігін негіздеп, алғашқы қауымдық қоғамдағы діннің эволюциясын талдады. Ол магияда сананың дұрыс қолданылмау құбылысын, «қарапайым ғылымның» бар екендігін көрсетті.

Осы бағыттағы зерттеулердің жалғасы қандай да бір «күшке» деген сеніммен байланысты діннің формасын орнықтыруға әкелді. Р. Мареттің преанимизм теориясына сәйкес діннің ең ежелгі формасының түп тамыры адам эмоциясында жатыр және ол «табиғаттан жоғары» күшті мойындау тәжірибесін білдіреді. Бұл, ең алдымен, «қорқыныш сезімі».

Ағарту және антифеодалдық буржуазиялық революция кезеңі діннің әлеуметтік негізделуі және оның қоғамдағы рөлі мәселелеріне деген қызығушылықты жаңаша жаңғыртты.

Осылайша, тарихи әдіс дінді психологиялық тұрғыдан талдаумен толықты. Дін тек тарихи-әлеуметтік қана емес, адамның ішкі әлеміне қатысты тұлғалық-психологиялық феномен ретінде алға шықты. Дін психологиясы У. Джемс, В. Вундт, кейіннен З. Фрейд, Э. Фромм, К. Юнг және т.б. ғалымдардың еңбектерінде дамуға жол ашты. ХХ ғасырда психоанализ дінді индивидтік-психологиялық және әлеуметтік-психологиялық деңгейде тануға елеулі үлес қосты.

Бұл мәселелердің зерделенуіне алғаш болып сәтті бастама жасағандардың бірі – О. Конт. Ол әлеуметтану арқылы Француз төңкерісі негізінде орын алған европалық қоғамдағы дағдарысты құбылыстарды еңсерудің жолдарын және тұрақты әрі қалыпты дамуды қамтамасыз ететін құралдарды қарастырды. Оның алдында әлеуметтік тәртіптің негізі қандай және онда дін қандай рөл атқарады деген сұрақтар тұрды. Бұл сұрақтарға О. Конт өзінің «Тарихтағы үш кезең заңдылығы» арқылы жауап берді.

Діни, «теологиялық жай-күй» адам санасында дәлелі жоқ, ойдан шығарылған, субъективті пайымдаулар басымдық алатын жағдай. Философиялық, «метафизикалық жай-күй» шынайылық ретінде абстракция, спекулятивті пайымдаулар басымдық алатын жағдай. Позитивтілік – қалыптасқан ахуалға ғылым арқылы қол жеткізілетін жағдай. Осындай үш кезеңдік «ақылдың жағдайы» әлеуметтік ұйымның тұтас негізін құрайды.

О.Конт дін мен позитивті білімнің, яғни ғылымның арасында сөзсіз орын алатын шиеленісті мойындай отырып, ғылымның діннен үстем болатындығын болжамдады. Оның ойынша, адамды азат ететін және көзін ашатын ғылымның ықпалы негізінде дін құлдырап, өледі, әлеуметтік байланыстардың үзілу қаупі туындайды.

К. Маркс та дінді қоғаммен өзара байланыста қарастырды. Оның түсінігінде бұл өзара іс-қимыл екі дербес тіршілік етуші құбылыстардың байланысы емес. Маркс алғашқы болып діннің әлеуметтік феномен ретіндегі табиғатын ашып көрсетті. Дін қоғамдық байланыстар мен қатынастардың жүйесіне кіріккен және

элеуметтік құрылымда қарастырылады. Діннің түсініктемесін солардан іздеу қажет.

XVII-XVIII ғасырлардағы дінге қатысты сыни ойлар Еуропадағы діни қайшылықтарға негіз болған Реформация тәжірибесі нәтижесінде қалыптасты. Қоғамдағы бейбітшілік пен келісімді қалыпқа келтіру үшін діннің элеуметтік орны мен рөлін қайта таразылап, зайырлы және діни биліктің, мемлекет пен шіркеудің ықпал ету салаларын межелеу қажет болды. Бұл діни фанатизм мен төзімсіздіктің, ар-ождан шектеген зорлықтың үстемдігі негізінде діннің біріктіруші функциясы туралы сөз қозғау мүмкін болмаған кезең еді. Аталған уақыттың элеуметтік философиясы зайырлы мемлекеттің, саясаттың, құқықтың, моральдің, ар-ождан және ой еркіндігінің автономиясын негіздеп, қоғамдағы дін мен шіркеудің орнын қайта анықтады. Англияда бұл мәселемен Т. Гоббс пен Д. Юм, Францияда – Ш.Л. Монтескье, Ф.М. Вольтер, Ж.Ж. Руссо, Германияда – Г. Э. Лессинг пен И. Кант, кейіннен Г.В.Ф. Гегель айналысты.

XIX ғасырдың екінші жартысында еуропалық қоғамда дінмен байланысты жағдай елеулі өзгерді. Индустриаландыру және урбандалумен байланысты қарқын алған элеуметтік дифференциация үдерісі қоғамды біріктіруші факторлар туралы мәселенің өзектілігін алға шығарды. Элеуметтік қатынастар, прогресс, тұрақтылық пен тәртіп құбылыстарын зерделеуге тырысқан ғалымдар осындай фактор ретіндегі діннің позитивті рөлі туралы айта бастады. Э. Дюркгеймнің ойынша, дін қоғамдағы ынтымақты, оның тұтастығын қамтамасыз ететін маңызды элеуметтік қажеттілік ретінде анықталады. Діннің қайнар көзі – қоғамның өзі. Ол діндегі маңызды және оның барлық модификациясында тұрақты элементтерді, қоғамдағы дін функцияларын анықтау үшін діни өмірдің қарапайым формаларын талдады.

Дюркгейм дінді «сенушілерді шіркеу деп аталатын бір моральдік қауымдастыққа біріктіретін сенімдер мен жоралардың біртұтас жүйесі» ретінде анықтайды. Дін элеуметтік сезімді тудырады, ұжымдық көзқарасты жоғары қояды. Дінде адамдардың қарапайым заттарды қасиеттендіру қабілеті жүзеге асады. Соның негізінде олар қоғамды біртұтас ағза ретінде ынтымақтастыру функциясын орындауға қабілетті бола түседі. Діннің қайнар көзі – адамдардың тіршілік етуінің элеуметтік тәсілі.

Дюркгейммен бірге дін мен қоғамның арақатынас мәселелерін неміс ғалымы М. Вебер де қарастырды. Ол өзгермелі қоғамдағы діннің орны мен мәнін, діннің экономиканың, саяси жүйенің, отбасының дамуына ықпалын зерттеді. М.Вебер зерттеулерінің тағы бір маңызды қыры – діннің институттану формасын талдауы, діннің типологиясын жасауы. Дюркгейм дамудың төмен сатысындағы діннің қарапайым формасын қарастырса, Вебер негізінен әлемдік діндерді және олардың тарихи дамуға ықпалын зерделеді. Өзінің әйгілі «Протестанттық этика және капитализм рухы» (1904-1905) атты еңбегінде ол христиандық діннің Батыс елдерінің тарихына, экономикалық дамуы мен элеуметтік өміріне жасаған ықпалын талдады. Қытай, Үндістан сияқты елдерде шығыс діндері индустриялық дамуды тежеп, кедергі болып жатқанда, Протестантизм қазіргі батыс өркениетінің дамуына қарқынды серпін берді. Веберлік элеуметтанудың тағы бір маңызды жағы – «шіркеу мен секта» арақатынасын қарастыруға мүмкіндік беретін діни ұйымдардың типтерін зерттеуі.

Осы саладағы негізгі мамандар болып табылатын Б. Малиновский және одан кейінгі буын Л. Леви-Брюль адамның алғашқы даму сатысында оның ойлау

кабілеті паралогиалық сипатта болады деп есептеді. Магия мен діннің ара жігін ажырата отырып, Фрэзер магияның түп-тамыры адамдардың білімсіздігі мен надандығында жатқандығын, адамдардың магияға жүгіну әрекеттері сәтсіздіктерге әкелгендігін айтады. Діннің түп-тамыры адамның әлеуметтік табиғатында жатыр, ол магияны ығыстырып, орнын басады. Сондай-ақ Фрэзер қалаған нәтижеге қол жеткізуде күмән келтірмейтін құралдарды пайдалануда магия мен діннің ұқсастығын көреді.

Дін мен мәдениетке деген функционалдық көзқарас тұрғысынан өркениеттің әрбір типінде әр салт, идея, сенім қандай да бір өмірлік функцияны орындайды. Оның ішіндегі ең бастысы – қоғамдық тәртіптің тұрақтылығын қамтамасыз ету. Осы орайда, Дюркгейм тұжырымындағыдай, дін қоғам интеграциясының факторы болып табылады. Аталған ғалымдардың еңбектері осы саладағы зерттеулердің негізгі бағыттарын, проблематикасын және әдіснамасын анықтады.

Әртүрлі ғылыми саладағы ғалымдар дінге өзіндік анықтама берді. Саясаттанушы немесе әлеуметтанушы берген діннің сипаттамасы психолог, философ, тарихшы, дінтанушы беретін сипаттамадан елеулі өзгеше болады. Алайда дін сияқты күрделі, санқырлы құбылысты түсіндіруде ешбір анықтама толыққанды және түпкілікті ретінде қарастырыла алмайды. Сол себепті бүгінгі күнге дейін дінді зерттеудің әдіснамалық негіздері мен міндеттерін әзірлеу, сондай-ақ оның нақты анықтамасын беру мәселесі күн тәртібінде тұр. Осы орайда бірқатар әдіснамалық қиындықтар туындайды. Егер дін әлеуметтік әрекеттің тәсілдерінің бірі ретіндегі «әлеуметтік факт» ретінде қарастырылса, оның өзгешеліктері қандай? Қандай белгілері бойынша қандай да бір әлеуметтік құбылыстың дінге қатыстылығын, ал басқаларының қатысты еместігін анықтаймыз? Осылайша, діннің барлық діндерге қатысты болатындай болмысын, ортақ қасиеттерін табу мүмкін еместігі айқындалады. Батыстық діндерден, мәселен христиан дінінен алынған өлшемдер шығыстық буддизм немесе конфуциандық діндердің жүйесіне сәйкес келмейді. Дін феноменін ортақ анықтама негізінде түсіндіру мәселесінің өзектілігі алға шығады.

Посткеңестік тарихнамада дін болмысының анықтамасын іздестіру екі бағытта дамып келеді. Оның бірі – діннің дін ретіндегі басты қасиеттерін анықтап, басқа құбылыстардан ерекшелендіретін мазмұндық бағыт. Екіншісі – дінді анықтауда оның қалай қызмет атқаратындығына басымдық беретін функционалдық бағыт.

Алғашқысына мысал ретінде Э.Тайлордың мынадай анықтамасын келтіруге болады: дін – рухани жаратылысқа деген сенім. Бұл анықтама кең таралған діннің «құдайға деген сенім» ретіндегі түсіндірмесіне сай келеді. Сенушілері құдай туралы түсінік әлі қалыптастырмаған «қарапайым діндерді» зерттегендіктен, Тайлор ғана құдай туралы емес, «рухани жаратылыс иелері» туралы сөз қозғады. Сол себепті ол дінді құдайға деген сенім ретінде емес, одан да кеңірек қамтып, рухани жаратылысқа деген сенім ретінде анықтауды жөн санады.

Осындай көзқарас тұрғысынан дін – қандай да бір «нысанға» деген сенім болса, зерттеудің маңызды мәселесі – сенімнің нысанын анықтау болмақ. Мұндай көзқараспен байланысты қиындықтардың бірі алғашқы орынға жораларды, эмоциялар мен олардың би формасындағы көріністерін алға шығарып, сенімді, діни ілімдерді, теологияны екінші деңгейлі мәселе ретінде қарастыратын діндердің болуымен байланысты (Р. Маретт «айтылмайтын» немесе «таныстырылмайтын», алайда «билеп шығарылатын» діндердің бар екендігін

айтады). Дінді мазмұндық тұрғыдан анықтау дінді ортақ анықтама негізінде түсіндіру жөнінде шешім қабылдауға әкелетіндігімен қауіпті.

Батыстық тарихнама дін анықтамасында екі бағытты таныстырады: функционалдық әдіс және дін шиеленісі теориясы (Смелзер, 1994:474)

Функционалистер діннің қандай әлеуметтік міндеттерді шешуге қызмет ететіндігін зерделеуге тырысады. Шиеленіс теориясының жақтастары дін қоғамның әлеуметтік құрылымын нығайтады ма, қиратады ма деген мәселені талдайды.

Функционалдық теорияның негізін қалаған Э. Дюркгеймнің дін теориясын байланыстырушы буыны әлеуметтік ұйым болып табылатын тұйық шеңбер ретінде елестетуге болады. Біріншіден, қоғам адам тәжірибесін ұйымдастырады. Содан кейін адамдар сыртқы күштердің ықпалына түсіндірме іздеуге тырысады. Бұл, өз кезегінде, қоғамның құрылымына сай келетін дінді қалыптастыруға ықпал етеді. Нәтижесінде, діни сенімді білдіру үшін жоралар қалыптасады. Олар топтың ынтымағы мен діни ұстанымдарының бірлігіне ықпал етіп, оның мүшелерінің мінез-құлқын реттейді және қоғамның құрылымын нығайтады.

Антрополог Бронислав Малиновский дін функциясын сиқыршылықпен салыстыру негізінде анықтауға тырысты. Көптеген діндерде сиқыршылық элементтері кездеседі. Алайда діннің сиқыршылықтан айырмашылығы бар: сиқыр нақты бір мақсатқа жетудің құралы ғана, ал дін – өзіндік құндылық. Адамдар сиқырға сәттілікке сене отырып жүгінеді, ал діни сенімді өмірдің мәнін іздеу және ғаламдағы тағдыры үшін алаңдаумен байланысты күрделі себептер негізінде қабылдайды. Малиновский діннің біздің басқаларды сүйу және оларға қамқор болуымыздан, өлімді айналып өту мүмкін еместігін түйсінуімізден туындайтындығын айтады.

Дін өлім алдында жұбату ғана болмайды, ол адам өмірінің басқа қырларына да мән береді. Көптеген ғалымдардың пікірінше, дін кедейшілік, ауру-сырқау, теңсіздік сияқты әділетсіздіктерді көтеруге көмектеседі. Қайғылы жандарға үміт береді.

3. Фрейд діннің басқа функциясын да анықтады. Оның ойынша, дін адамдарды балалық шағында басынан өткерген дәрменсіздік қорқынышынан қорғайды. Осы қорқыныштан ата-анасынан қорғаныш іздеген сәбилер сияқты ересектер де қорғанышты құдыретті құдайдан іздейді. Ол діни түсініктер – адамдар егер олардың материалдық болмысына қайшы келетінін, психологиялық қажеттіліктеріне ғана негізделгенін білсе, олардан бас тартатын әлеуметтік елестер деп есептейді.

Индивидтердің кейбір психологиялық қажеттіліктерін қанағаттандырумен қатар, дін маңызды әлеуметтік функцияны да орындайды. «Діни өмірдің қарапайым формалары» атты еңбегінде Э. Дюркгейм адамдардың «қоғамның» олардың өміріне билік ететіндігін мойындағанынан гөрі ерекше құдыретті күшпен және жоралармен байланысты дінге сенуі жеңіл екендігін атап өтеді. Қоғамның билігін қолдай отырып, дін оның құрылымы мен нормаларын бейнелейді. Дюркейм бойынша, дін қоғамның құрылымын таныстырып қана қоймай, адамдардың назарлары мен үміттерін ортақ сенім мен табыну нысанына аудара отырып, қоғамды нығайтады. Мұндай біріктіруші функция қасиетті мен зайырлының межесін нақты анықтайтын жораларды орындауда ерекше көрініс береді. Ғалымның пікірінше, діннің мәні өмірді қасиетті мен зайырлы деп

бөлуінде: жораға қатыса отырып, адам «қасиеттімен» қатынасқа түседі, күнделікті әдеттегі өмірден айырмасы бар «жоғарыға» қатыстылығын сезінеді.

Дінді анықтау мәнді болып табылатын, алдын ала белгіленген мақсатпен және тиісінше таңдалған құралдармен айқындалатын әлеуметтік мінез-құлықты талдауға негізделуі қажет. Бұл әдісті М.Вебер әзірледі. Ол кез-келген дефиниция эмпирикалық зерттеудің нәтижесі ғана бола алады және діннің «болмысын» ашқаннан гөрі зерттеуді қажет ететін құбылыстың салалық шекарасын белгілейді деп тұжырымдайды.

1957 жылы американдық әлеуметтанушы Р. Белла ұсынған дін «адамды оның тіршілік етуінің соңғы жағдайларымен қатынасқа түсіретін сивликалық формалар мен әрекеттердің жиынтығы» деген тұжырымы діннің функционалдық анықтамасының тағы бір мысалы бола алады. Адам дүниеге келеді, дүниеден өтеді, өмірлік қайғы-қасірет шегеді, т.б. Адам әрекеттерін бағдарлау, олардың болуы мүмкін баламаларының арасындағы жалпы бағдарды анықтау қабілеті функционализм жақтастарының діннің ерекше қырлары ретінде қарастыратын құбылысы. Оның шешетін мәселелері фундаменталды болып табылады. Олар қоғамдық құрылымның, ғылым мен техниканың даму деңгейіне қарамастан, кез келген қоғамның дамуының кез келген сатысында алдынан шығады. Бұл анықтамада дін мәдениеттің негізгі мазмұнымен теңестіріледі. Аталған анықтамаға сәйкес, мәдениетте мейлінше іргелі болып табылатындардың барлығын дін деп есептеуге болады. Дін қоғамдық дамудағы шешуші күш ретінде қарастырылуы керек.

Алайда М. Вебердің өзі, оның әдістерін қолдайтын Р. Белламен немесе басқа да функционалистермен салыстырғанда, дін феноменінің қандай да бір аяқталған анықтамасын беруге тырыспады. Ол кез келген дефиниция мейлінше шартты және мәселені толыққанды аша алмайды деп есептеді. Ол үшін ең бастысы индивидтердің өздері көздеген мақсаттарына сәйкес таңдаған әдістері негізінде әрекет ететіндігі болды. Бұл мақсаттар, Вебердің түсінігінде, өзінше секулярлы болуы мүмкін: мәселен, байлық, престиж, т.б.

Діннің функционалдық анықтамалары кең ауқымды болып келеді. Шынымен де, егер дін адамдардың тіршілік кезеңдеріндегі түрлі мәселелерін шешетін (немесе шешуге тырысатын) сенімдер мен әрекеттердің жиынтығы болса, онда бұл анықтама аясында ғылымға, тапқа немесе т.б. деген сенім, яғни «секулярлы сенім» деп атауға болатын сенім де қарастырылмақ.

Функционализм тұрғысынан барлық адамдар діндар. Бұл орайда олардың арасында айырмашылық жоқ. Барлық айырмашылық қандай құдайға табынатындығында. Табиғаттан жоғары күшке қатысты көзқарастармен байланысты ғана емес, адам өмірінің іргелі мәселелері шешілетін кез келген ұстанымдар, егер бұл сенімдер мен көзқарастар индивидтің жеке бас мәселесіне қатысты болмаса және топтың игілігі болып, адамдар арасындағы әлеуметтік өзара іс-қимылда көрініс берсе, дін деп атала алады: дін – қоғамдағы интегративті функцияны орындаушы әлеуметтік феномен.

Дін қоғамда бірқатар функциялар атқарып, белгілі бір рөл ойнайды. «Функция» және «рөл» ұғымдары өзара байланысты, алайда ұқсас ұғымдар емес. Функциялар – қоғамдағы діннің әрекет ету тәсілі, ал рөл – орындалған функцияның салдары, жиынтық нәтижесі.

Сонымен, дәстүрлі түрде діннің мынадай функциялары анықталады: 1) дүниетанымдық; 2) компенсаторлық; 3) коммуникативтік; 4) регулятивтік; 5)

интеграциялық-дезинтеграциялық; б) мәдениет тасымалдаушы; 7) легитимдендіру және легитимсіздендіру.

Діннің дүниетанымдық функциясы табиғатқа, адам мен қоғамға деген белгілі бір көзқарастар типінің болуымен анықталады. Дін дүниетану, дүниені түйсіну, дүниені сезіну, дүниеге қатынас, т.б. құбылыстарды біріктіреді. Бар болмысқа мән беру сенушіге, қиялында болсын, шектеудің межесінен шығуға мүмкіндік береді, кемел келешекке жетуге, рахатқа бөленуге, азаптан, бақытсыздықтан, жалғыздықтан, моральдық құлдыраудан құтылуға деген үмітін қолдайды.

Дін компенсаторлық функция атқарады, адамдардың қиял деңгейіндегі шектеулі жағдайының, тәуелділігінің, әлсіздігінің орнын толтырады, сананы қайта жаңғыртуға, тіршіліктің объективті жағдайын өзгертуге ықпал етеді. Қанаушылық «рух еркіндігімен» еңсеріледі; әлеуметтік теңсіздік күнә мен азап шегудегі «теңдікке» айналады; шіркеулік қайырымдылық, ізгілік, жек көрушілік, кірістің қайта бөлінуі үлестен құр қалғандардың бақытсыздығының орнын толтырады; жікшілдік пен оқшаулық «діндегі бауырластықпен» алмастырылады; бір-біріне немқұрайлы индивидтердің қарым-қатынасы құдаймен тілдесу, діни топ ішіндегі қатынаспен толысады; т.б. Компенсацияның маңызды психологиялық аспектісі – күйзелісті еңсеру. Жұбату, рухани тазару (катарсис), медитация, рухани ләззат алу қиял негізінде қозғалысқа келетін психологиялық процесстер.

Дін адамдардың тілдесуін қамтамасыз етеді, коммуникативтік функцияны атқарады. Тілдесу діни және діннен тыс қызметтерде жүзеге асады, ол өзіне ақпарат алмасу, өзара іс-қимыл, адамдардың бірін-бір қабылдауы процесстерін біріктіреді. Діни сана тілдесудің екі түрін қалыптастырады: 1) сенушілер арасындағы; 2) сенушілер мен тылсым тіршілік иелері арасында (құдаймен, періштелермен, өлгендер рухымен, әулиелермен, т.б.).

Регулятивті функция белгілі бір идеялардың, құндылықтардың, ұстанымдардың, стереотиптердің, пікірлердің, салт-дәстүрдің, институттардың көмегімен индивидтердің, топтар мен қауымдастықтардың қызметін, қарым-қатынасын, санасын басқаруды жүзеге асырады. Әсіресе, нормалардың (діни құқық, мораль, т.б.), мінез-құлық үлгілерінің (еліктеуге қажетті үлгілер), бақылаудың (жазылған шарттардың сақталуын қадағалау), марапаттау мен жазалаудың жүйесі ерекше маңызға ие.

Интегративті-деинтегративті функция бір жағынан индивидтерді, топтарды, институттарды біріктірсе, екінші қырынан жіктейді. Интеграция тұлғалардың, жекелеген әлеуметтік топтардың, мекемелер мен қоғамның тұрақтылығын, ынтымағын сақтап қалуға, ал дезинтеграция оны бұзуға, әлсіретуге ықпал етеді. Интеграциялық функция ғибадат қандай да бір деңгейде ортақ болғанда орындалады. Егер тұлғаның діни санасында және мінез-құлқында бір-бірімен үйлеспейтін үрдістер байқалса, әлеуметтік топтар мен қоғамда өзара қайшылықтағы конфессиялар болса, дін дезинтеграциялық қызмет атқарады.

Діннің мәдени трансляторлық қызметін де атап өтуге болады. Мәдениеттің негізгі бөлігі бола тұра, дін оның белгілі бір қабаттарын – жазу-сызуды, кітап шығаруды, өнерді дамытуға ықпал етті. Белгілі бір мәдени феномендерді қабылдады, кейбіреулерін сыртқа тепті. Діни мәдениет құндылықтарының сақталуы мен дамуы қамтамасыз етілді. Жинақталған мұра ұрпақтан ұрпаққа беріліп келеді.

Легитимдендіру – легитимсіздендіру функциясы кейбір қоғамдық тәртіпті, институттарды (мемлекеттік, саяси, құқықтық, т.б.), қарым-қатынастарды, нормаларды, үлгілерді міндетті немесе міндетті емес, рұқсат етілген немесе тыйым салынған ретінде заңдастыруды білдіреді. Дін белгілі бір құбылыстарға баға беріліп, оларға қатысты қатынас түрін анықтайтын жоғары талаптар белгілейді.

Діннің ықпал ету деңгейі оның қоғамда алатын орнына байланысты. Ол орын тұрақты емес, сакрализация (лат. sacer – қасиетті) немесе секуляризация (лат. secularis – азаматтық, зайырлы) процесстерінің аясында өзгеріп отырады. Сакрализация діни санкция саласына қоғамдық және индивидтік сананың, адамдар мен институттардың қызметтерінің, қарым-қатынастарының, мінез-құлқының формаларын енгізуді, қоғамдық және жеке өмірдің түрлі салаларына діннің ықпалының артуын білдіреді. Секуляризация бұған керісінше, қоғамдық және индивидтік санаға діннің ықпалының азаюын, түрлі қызметтердің, мінез-құлқтың қатынастар мен институттардың түрлерін діни санкциялау мүмкіндіктерінің шектелуін, діни индивидтер мен ұйымдардың өмірдің сантүрлі діннен тыс салаларына «енуін» таныстырады. Аталған процесстер қайшылықты және түрлі типтегі қоғамдарда біркелкі емес. Еуропаның, Азияның, Африканың, Американың аймақтары мен елдеріндегі даму деңгейіне, құбылмалы әлеуметтік-саяси және мәдени ахуалдарына байланысты әртүрлі жағдайда. Уилсонның пікірінше, секуляризация «табиғаттан тыс күшке деген сенімнің күдікке ұшырап, онымен байланысты діни жоралар мен институттардың өздерінің әлеуметтік ықпалын жоғалтатын процессін» білдіреді. Қоғамның секулярилануына әкелетін факторлар жетерлік (Смелзер, 1994:474)

Кейбір зерттеушілер, мәселен Эндрю Грили, діннің рөлі төмендемейді және бұл үрдіс кем дегенде бірнеше ондаған жылдар бойында сақталады. Грилидің ойынша, сенушілердің саны мен шіркеулерге бару көрсеткіші қазіргі деңгейде қалады немесе өседі. Себебі адамдар өз өмірлерінің мәнін іздеуі және өлім қорқынышын жеңілдетуі қажет. Питер Вергер мен Томас Лукман, ұйымдасқан діннің құлдырауын мойындай келе, жеке тұлғалық діни сенім өмірлік қиындықтар мен өлім қорқынышын еңсереді деп үміттенетін адамдардың қатары артатындығын атап көрсетеді.

Саясат пен діннің арасындағы өзара байланыстың бар екендігі дау тудырмайды. Дін ешқашан тек құдайға және о дүниеге деген сеніммен, діни салт-жораларды орындаумен шектелген емес. Әлеуметтік ілімдер монотеистік діндерге бұқараны басқарып, қоғамдағы күштерге ықпал етуге мүмкіндік берді. Дін әлемді өзінше түсіндіреді және адамдар арасындағы нақты қатынастарды реттейді. Адамдар арасындағы әлеуметтік қарым-қатынастарды діни тұрғыдан түсіндірмейінше, дін күрделі әлеуметтік функцияларды, соның ішінде интегративтік функцияны атқара алмас еді. Өзінің тартымдылығын жоғалтып, тіршілігін тоқтатар еді.

Қазіргі уақытта жаңа діни қозғалыстардың пайда болуымен байланысты дін мен саясаттың өзара ықпалы және іс-қимылы өзекті мәселе болып тұрғанда тарих беттерін ашып, жаңа діни қозғалыстардың пайда болу себептері қашан да әлеуметтік-саяси сипатта болғандығын еске түсіруіміз қажет.

Ондай қозғалыстар қоғамдық өмірдің пісіп жетілген сұраныстарына жауап ретінде пайда болды. Әрбір жаңадан пайда болған сектанвты әлеуметтік-саяси ұяшық ретінде қарастыруға болады. Ал олардың дүниетаным жүйесі – дін

формасында қалыптасқан жаңа әлеуметтік-саяси доктрина. Христиан, ислам, буддизм және басқа да діндердің пайда болу тарихы шын мәнінде осындай.

Діннің қоғамдық-саяси рөлінің күшеюіндегі жаңа сапалық кезең діни бірлестіктің ішіндегі әрі оның зайырлы қауымдастықтармен және ұйымдармен қатынастарын реттеуші құрал ретінде шіркеудің, яғни діни ұйымның қалыптасуы болды.

Шіркеу ұйым ретінде әлеуметтік институтқа тән барлық негізгі атрибуттарымен сипатталады. Оның элементтері ортақ діни ілім (идеология), діни қызмет (культтік және культтен тыс), шіркеулік құрылым (сенушілердің өмірін, қызметін, мінез-құлқын басқару жүйесі) болып табылады. Шіркеуде белгілі бір реттеуші ережелер мен нормалар жүйесі (діни мораль, канондық құқық, т.б.) жүзеге асады.

Шіркеудің дамуымен оның саяси функциялары да күшейді. Бірте-бірте отбасыларды ғана емес, қоғамдық моральді нығайту, қоғам мүдделі болып отырған нормалар мен ережелерді сақтау ісінде жоғарғы беделді рөлге ие болып, шіркеу билігі саяси сипат алды. Шіркеу мемлекеттік биліктің беделін күшейтуде орасан зор рөл атқара бастады.

Көптеген авторлар, шіркеудің қазіргі қызметін талдай келе, оны қоғамның саяси жүйесінің ықпалды компоненттерінің бірі ретінде қарастырады. Бұл қызметті атқара отырып, шіркеу адамдардың тек руханият пен сенімге деген сұраныстарын ғана емес, олардың жер бетіндегі түрлі қажеттіліктерін қалыпты қанағаттандыруға деген ұмтылыстарын діни негіздеуге тырысады.

Көптеген елдердің тарихынан діни ұйымдардың саяси және әлеуметтік ахуалға ықпал етуінің сан түрлі мысалдарын келтіруге болады. «Солидарность» ұйымының тәуелсіз кәсіподақ пен саяси деморкратия құрудағы бастамасы әскери диктатура тарапынан аяусыз жаншылғанын таныстыратын поляктық дағдарыс кезеңінде рим католик шіркеуі кантөгістердің алдын алуда және ұлттық бірлікті қалыпқа келтіруде маңызды рөл атқарды. Израилде ортодоксальді иудаизмнің аздаған өкілдері үкіметтік саясатқа орасан зор ықпал етті. Аталған елде сенбі күндері көлік қатынамайды, ал барлық үйлену тойының жоралары раввиннің басшылығымен жүргізілуі тиіс. Діннің саясатқа ықпалының ерекше бір мысалын Ираннан көруге болады. Онда діни күштер төңкеріс жасап, Иран шахын құлатып, мұсылман теократиясын орнатты. Үкіметтің саясаты мен діни заңдар біртұтас жүйеге бірікті.

Шиеленіс теориясының жақтастарының пікірінше, функционалистік теория діннің қалың бұқараны қанау құралы ретінде қолданылатындығын ескермейді. Сондай-ақ аталған теория дін негізінде орын алатын радикалды әлеуметтік өзгерістерді түсіндіре алмайды.

Шиеленіс теориясының өкілдері дін қоғамдағы ықпалы аз топтарға үстемдік етуші топтың жағдайын күшейтетіндігін айтады. Ол төменгі тап өкілдеріне басқа өмірде жақсы тұрмыс құратындығына үміт беретін сенімдер арқылы жүргізіледі. М. Вебер басқа өмірде бақытты болатындығына сендіргендіктен, жұмысшы тап өз жағдайларына мойынсұнғандығын атап өтеді. Сондай-ақ ол әртүрлі әлеуметтік қабаттар (таптар) діни ілімдердің әртүрлі қырларына назар аударатындығын жазады: жоғарғы таптар өздерінің басымдықтарын ақтайтын ілімдерге, ал төменгі және орта тап, жұмысшылар сол уақытта емес, келешекте сыйға бөленетіндіктерін жеткізетін ілімдерге көп назар салады. Шиеленіс теориясы тұрғысынан діннің ең дәлелді түсіндірмесін К. Маркс ұсынды: ол дінді таптық үстемдіктің қаруы деп

есептеді. З. Фрейд сияқты К. Маркс дінді өмірде сенімсіздік болғанда жұбату әкелетін қиял, миф ретінде қарастырды. Ол діннің қорқыныш пен үрейді ғана емес, таптық жүйеде әділетсіздік пен қанауды да бүркемелейтіндігін айтады.

Шеленістік теория тұрғысынан дін – әлеуметтік өзгерістерге ықпал ететін күш. Діни ұмтылыс қоғамды түбегейлі өзгерте алады. Герхард Ленски дінді «түпкілікті нәтижесінде адам тағдырын және белгілі бір топ мүшелері орындайтын жораларды басқаратын күштердің болмысы жөніндегі сенімдер жүйесі» ретінде анықтайды. Алайда бұл анықтама өте ауқымды болып табылады және басқа да коммунизм, социализм, зайырлы гуманизм сияқты сенімдер жүйелерін қамтиды. Адам өмірінде маңызды рөл атқаратын бұл сенім жүйелері біздің дін туралы қарапайым түсінігімізге сәйкес келмейді. Рональд Л. Дэнстоунның анықтамасы жақындау сияқты: дін деп адамдар тобы табиғаттан жоғары және қасиетті ретінде есептейтін құбылыстарды түсіндіретін және оған өз қатынастарын білдіретін сенімдер мен жоралар жүйесі аталады. Көп жағдайда заманауи теориялар дінді жалпы мән мәселесіне жауап, болмаса белгілі бір тәжірибенің типіне деген реакция ретінде қарастырады (Белла, 1972: 265)

Дін қоғамда бөтен дене сияқты өмір сүрмейді. Дін мен қоғамның байланысын екі дербес өлшемнің өзара іс-қимылы ретінде қарастыруға болмайды: дін – қоғамнан оқшаулана алмайтын қоғамдық өмірдің бір бөлігі. Дж.М.Йингердің біз қоғам, тұлға және дінді өзара тәуелсіз ауыспалылар, басқа барлық ауыспалыларды тәуелді деп есептейтін көзқарастан міндетті түрде бас тартуымыз керек деген ескертуі шындыққа жақын (Йингер, 1996:170)

Дін мен қоғамның байланыс сипаты мен деңгейі оның дамуының түрлі кезеңдерінде біркелкі емес. Нәтижесінде қоғам өмірінің түрлі салаларының дербестігі артатын әлеуметтік дифференциацияның артатындығына тарих куә. «Түпкілікті нәтижесінде қоғам логикасыз немесе логикаға қарсы, байланыссыз және фантастикалық жаратылыс емес. Керісінше, ұжымдық сана психикалық өмірдің ең жоғарғы формасы, ол сананың санасы» (Дюркгейм, 1996:242)

Қоғамдық өмір болмысы жағынан рухани өмір бола отырып, біздің алдымызда қандай да бір «ортаның» сыртқы-объективті болмысының мінезімен көрініс береді. Бізге дөрекі міндеттеу негізінде ықпал етеді. Бұл міндеттеу біздің тарапымыздан субъективті-психикалық күштерден өзіміздің тәуелділігіміз түрінде емес, адамзаттық шындықтан жоғары объективті күштің ықпалы ретінде қабылданады.

Барлық уақытта және барлық жерде, саналы немесе санасыз түрде, адамдардың еркі немесе еркінен тыс негізде болсын, қоғам өзегінде қасиетті сипат жатыр. Әлеуметтік бірлік аса қадірлі құндылық, адамзаттан жоғары құбылыс, құдайдың игілігі ретінде есептеледі.

Діни өмір индивидіктен жоғары «біз» формасындағы бастапқы әлеуметтік біріктіруші күш. Шіркеудің басты әлеуметтік функциясы – қоғамның жаны, яғни қоғамдық өмірді байланыстырушы және мінсіз бағдарлаушы күш болу (Франк, 1992:80)

Т. Парсонс былай дейді: сенім мен ынтымақ арасында белгілі бір байланыс бар. Себебі сенім біріктірген адамдар о бастан діни болған, алайда сонымен бірге зайырлы әлеуметтік жүйе болып табылатын моральдық қауымдастықты (заманауи әлемде біз шіркеу деп атаймыз) құрайды (Парсонс, 1996:182)

«Қоғам» ұғымы топтың мүшелері және топтар арасындағы сантүрлі әлеуметтік қатынастардың жиынтығын білдіреді. Осы орайда «қоғам мен дін»

мәселесі дін мен экономика, саясат, отбасы, өнер, т.б. қызмет түрлерінің өзара іс-қимылын талдау негізінде ашылады. Бұл қатынастардың әрқайсысы түрлі қырынан және тарихи өзгермелілер ретінде қарастырылады. Аталған проблематикаға басқа да мәселелер қатысты: діннің әлеуметтік шарттылығы; оның ұйымдарының типі: «шіркеу – секта»; белгілі бір сенім жүйелері мен әлеуметтік қабаттардың байланысы туралы мәселе.

Қазіргі дін әлеуметтануында қосбірлікті процесс ретіндегі дін эволюциясының тұжырымдары әзірленуде: діннің қоғамға ықпалы және әлеуметтік факторлар әсерінен діннің даму мәселесі, тарихи даму барысындағы қоғамның өзгеруі.

Секуляризация ұғымы қазіргі әлемдегі діннің рөлін талдауға сенімді негіз бола алады. Бұл талдау «дінді сақтау керек пе, болмаса шеттету керек пе?» деген сұраққа негізделген «бағалаушы» әдісті қолданбаса ғана оңтайлы нәтиже бермек.

Экуменизмге, яғни түрлі конфессиялардың терең әріптестігі мен өзара түсіністігіне қадам басу үрдісі ұйымдасқан дін тарапынан секуляризацияға қарсы тұрудың әдісі ретінде көрініс берді. Оған қол жеткізу көп жағдайда конфессиялар мен деноминациялар арасындағы байланысты бақылайтын ұйымдардың (мәселен, Шіркеулердің бүкіләлемдік кеңесі) қызметіне қатысу арқылы жүзеге асады.

Секуляризациядан бөлек экуменизм басқа да себептермен түсіндіріледі. Ұлтшылдықтың жаңғыруы да шіркеу қызметшілерінің түрлі діни бағыттарды біріктіру талпынысына ықпал етеді. Сонымен бірге экуменизм себептерінің бірі өзін-өзі сақтау инстинкті де болуы мүмкін: коммерциялық кәсіпорындар сияқты, ресурстарын біріктірген діни ұйымдар тіршілігін ұзартуға көп мүмкіндік алады. Экуменистік қозғалыстарға әлеуметтік-саяси көзқарастар да ықпал етеді. Либералды сипаттағы деноминациялар өзара бірігуге бейім келеді.

Біздің қоғамымыз өсіп-өркендеп, күрделенгендіктен, саналуан болып отыр. Нәтижесінде, адамдар діннің жаңа мәнін іздеп, жаңа рухани құндылықтарға талпынды. Мұндай саналуандылық қоғамға екі түрде ықпал етеді. Ол мейлінше кең әрі терең құндылықтар мен идеялар жүйесін қалыптастыруға әсер етеді, алайда құлдырау да орын алып, шиеленістің болуы мүмкіндігін арттырады (Вутноу).

Егер мемлекеттің заңдары көптеген діндерді төзімді деп мойындауды қажет деп тапса, діндердің бір-біріне төзімді болуын міндеттеу қажет (Монтескье, 1955:540)

Діннің күші қандай да бір пайдакүнемдік ниеттен шықпағандықтан, оның қоғам мен мемлекетке ықпалының үлкен екендігін мойындау қажет. Дін қоғамдық келісімнің нәтижесі болып табылмайды, ол тек жалпыланған космологиялық мәндердің жүйесі де емес. Діннің ықпалы идеологияға немесе зайырлы сенімнің басқа түрлеріне дейін оның адамдардың ұжымдық санасы ретінде айқындалып, қасиетті сезім түрінде адамдарды біртұтас ағзаға біріктіргендігін айғақтайтын фактіден туындайды (Белла 1990:254)

Гегелдің мына сөздерін еске салып кетуге болады: «Құдай туралы түсінігі нашар халықтың мемлекеті де, үкіметі де, заңдары да нашар болады» (Гегель 1975:407)

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

Д. Белла. От священного к светскому. /пер. А. К. Коганесяна. Этическая мысль, М., - 1990.- С.251-255

- Д. Белла. Религия как символическая модель, формирующая человеческий опыт. //Белла Р. Социология религии//Американская социология. М., 1972. с.265-268.
- М. Вебер. Религиозные идеи и интересы. //М. Вебер. Протестантская этика и дух капитализма // Религия и общество. М., -1996.
- Гегель Г. В.Ф. Отношение религии к государству. //Философия религии: в 2 томах. М.,-1975.- Т.1.-С.400-410.
- Э. Дюркгейм. Социология религии и теория познания. //Религия и общество. М.,-1996.- С.242.
- Дж. М. Йингер. Функциональный подход к религии. //Религия и общество. М.,-1996.- С.170.
- К. Маннхейм. Религия в современном мире. // К. Маннхейм Диагноз нашего времени, написанные социологом//пер. С .В. Карпушиной, К. Маннхейм. Диагноз нашего времени. М.,-1994-С.503-520.
- Ш. Монтескье. Об отношении законов к установленной в стране религии.//Монтескье Ш. О духе законов. // Избр. произведения. М.,- 1955. –С. 530-560.
- Т. Парсонс. Современный взгляд на дюркгеймову теорию религии // Религия и общество. М.,-1996.-С.182.
- Н. Смелзер. Социология. М.,-1994.-С.474.
- П. Сорокин. Религиозные группы и религиозные перегруппировки .// Религия и общество. М.,-1996.-С.261-265.
- С.Франк. Духовные основы общества: церковь и мир.//Духовные основы общества. Введение в социальную философию.//С.Франк. Духовные основы общества. М.,-1992.- С.80-98.